

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін және олардың пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 27 мамырдағы № 40 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 79-бабының 6-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін және олардың пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджет саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберуді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін және олардың пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін және олардың пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 79-бабының 6-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін және олардың пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюджеттік алып қою – республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетте бекітілген сомалар шегінде төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер.

2) бюджеттік субвенциялар – республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетте бекітілген сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер;

3) жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер – жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемдерінің қолданылуы кезеңінде олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып, тиісті бюджетте нысаналы трансферттер түрінде бекітілген, олар бойынша Республикалық, облыстық, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет

комиссиялары жекелеген шығыстарды төмен тұрған бюджеттерге беру туралы ұсыныстар әзірленген төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттерді қоса алғанда, жаңа бағыттарға арналған шығыстар;

4) жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер – мемлекет кепілдік берген көрсетілетін қызметтерді ұсынуды, жергілікті атқарушы органның міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған шығыстар және оларды пайдалану бағыттары белгіленбей, өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі;

3. Бюджеттік субвенциялар мен бюджеттік алып қою жалпы сипаттағы трансферттер болып табылады.

4. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі:

1) республикалық бюджет пен облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері арасында – жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы Қазақстан Республикасының заңымен;

2) облыстық бюджеттер мен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасында - жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихаттың шешімімен;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасында облыстық мәслихаттың жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы шешімімен белгіленген жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін өзгерту құқығынсыз – аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы мәслихаттың шешімімен белгіленеді.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі әр үш жыл сайын өзгертілуге тиіс.

2-тарау. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау тәртібі

5. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау тәртібі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) жергілікті бюджеттер кірістерінің болжамды көлемін айқындау;

2) даму шығындарының көлемін қоса алғанда, жалпы сипаттағы нысаналы және нысаналы емес трансферттер бойынша жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемін айқындау;

3) бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның алдағы үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттердің көлемін айқындауы

және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстарының лимиттерін айқындау кезінде есепке алу үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынуы;

4) тиісті саланың (аяның) орталық немесе жергілікті уәкілетті органдарының ұсынысы бойынша шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемін айқындау;

5) республикалық бюджет пен облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заң жобасын, облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихаттың, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасында – аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) туралы мәслихаттың шешімдерін әзірлеу.

6. Жалпы сипаттағы трансферттер көлемінде жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемін қалыптастыру кезінде мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жыл сайынғы индекстеу;

2) өңірдегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың болжамды саны ;

3) Бюджет кодексінің 74-бабына сәйкес тиісті бюджет комиссиясының оң ұсыныстары бар шығыстардың жаңа бағыттарын қаржыландыруға бағытталған жаңа бастамаларға арналған шығыстар;

4) макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және бұрыннан бар бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемін кеңейтуді) көздейтін базалық шығыстардың ұлғаюы;

5) мемлекеттік органдар функцияларының мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне берілуіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығыстарын ұлғайтуды көздейтін заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін қабылдаудан туындайтын, жоғары тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған ағымдағы нысаналы трансферттер;

6) республикалық бюджет комиссиясының оң шешімі бар, үш жылдық кезеңге арналған шығыстар сомасы көрсетіле отырып, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде жергілікті бюджетке беруге ұсынылатын бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) тізбесі;

7) жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттен шығыстардың жекелеген бағыттарын жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңда және (немесе)

облыстық мәслихаттың шешімінде белгіленген ең төмен көлемдерден төмен қаржыландырған жағдайда, бюджетті атқару барысында оған енгізілген өзгерістер ескеріле отырып белгіленген соманың алдыңғы қаржы жылының қорытындысы бойынша тиісті қаржы жылының соңындағы төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының жылдық сомасынан асып кеткен сомасы;

8) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарында, мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарында көрсетілген нысаналы индикаторлар мен макроиндикаторлар есепке алынуға тиіс;

7. Жалпы сипаттағы трансферттер көлемінде жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемін қалыптастыру кезінде мыналар:

1) бекітілген жергілікті бюджеттің параметрлері;

2) шығыстарды шолу нәтижелері;

3) бюджетаралық қатынастар саласындағы мониторингтеудің нәтижелері;

4) Бюджет кодексінің 46-бабына сәйкес нәтижелерді бағалау жүйесінің қорытындылары;

5) Бюджет кодексінің 84-бабының 3-тармағына сәйкес елді мекендердің типіне (қала, ауыл) және мөлшеріне (халық санына) қарай объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) ең төмен міндетті деңгейімен елді мекендердің қамтамасыз етілуіне жүргізілетін жыл сайынғы мониторингтің нәтижелері;

6) Бюджет кодексінің 47-бабына сәйкес бюджеттік қатынастардағы сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың уәкілетті органдарының сараптамалық-талдамалық қызметінің нәтижелері қаралуға тиіс.

8. Жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер көлемінде жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін қалыптастыру кезінде мыналар:

1) жоғары тұрған бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резерві;

3) жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығындар;

4) бюджеттік кредиттер;

5) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер;

6) имидждік және өкілдік шығыстар;

7) гранттарды беруге арналған шығыстар;

8) жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен зерттеулер жүргізуге және консалтингтік қызметтер көрсетуге арналған шығыстар;

9) ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға арналған шығыстар есепке алынбайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 26.09.2025 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жергілікті бюджеттер кірістерінің болжамды көлемін айқындау

9. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері кірістерінің болжамды көлемі бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін жалпы сипаттағы трансферттерді есептеудің үлгілік әдістемесі негізінде есептеледі.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 наурызынан кешіктірмей алдағы үш жылдық кезеңге арналған кіріс әлеуетін ескере отырып, кірістердің болжамды көлемін айқындайды және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтің жергілікті бюджеті кірістерінің болжамын енгізеді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей алдағы үш жылдық кезеңге арналған кіріс әлеуетін ескере отырып, кірістердің болжамды көлемін айқындайды облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті бюджеті кірістерінің болжамын енгізеді.

Облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған кіріс әлеуетін ескере отырып, облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бюджет кірістерінің болжамды көлемін айқындайды.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 25 сәуірінен кешіктірмей осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған кіріс әлеуетін ескере отырып, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті бюджеті кірістерінің болжамды көлемін айқындайды және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізеді.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган алдағы үш жылдық кезеңге арналған кіріс әлеуетін ескере отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың, астананың кірістерінің болжамды көлемін қарайды және алдағы үш жылдық кезеңге арналған кірістерді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жеткізеді.

Облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары алдағы үш жылдық кезеңге арналған кіріс әлеуетін ескере отырып, кірістердің облыстық болжамды көлемін қарайды.

Облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары алдағы үш жылдық кезеңге арналған кіріс әлеуетін ескере отырып, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кірістерінің болжамды көлемін қарайды және алдағы үш жылдық кезеңге арналған кірістерді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жеткізеді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары алдағы үш жылдық кезеңге арналған кіріс әлеуетін ескере отырып, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің кірістерінің болжамды көлемін қарайды және алдағы үш жылдық кезеңге арналған кірістерді аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жеткізеді.

2-параграф. Дамуға арналған шығындардың көлемін қоса алғанда, жалпы сипаттағы нысаналы және нысаналы емес трансферттер бойынша жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемін айқындау

10. Жалпы нысаналы және нысаналы емес трансферттер бойынша жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемін айқындау екі кезеңмен жүзеге асырылады.

11. Бірінші кезеңде жалпы сипаттағы нысаналы емес және нысаналы трансферттер шығындарының алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көлемдеріне ұсыныстар қалыптастыру жүзеге асырылады, оның ішінде:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер мен аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін жоспарлау үшін аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдарына және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына осы Қағидаларға 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ұсыныстар береді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 ақпанынан

кешіктірмей осы Қағидаларға 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына ұсыныстар береді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдарының ұсыныстары негізінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 25 ақпанынан кешіктірмей осы Қағидаларға 10, 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының қарауына енгізеді.

Облыстың тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 25 ақпанынан кешіктірмей осы Қағидаларға 10, 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдарымен келісілген ұсыныстарын облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына береді;

2) облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін жоспарлау үшін облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының және облыстың тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдарының ұсыныстары негізінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) бюджетін қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 наурызынан кешіктірмей осы Қағидаларға 15, 16, 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ұсыныстарын облыстың бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;

3) республикалық бюджет пен облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін жоспарлау үшін:

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарының және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдарының ұсыныстары және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қорытындылары негізінде осы Қағидаларға 15, 16, 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ұсыныстарын қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның қарауына енгізеді;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдары осы Қағидаларға 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер көлеміндегі жергілікті бюджеттердің күрделі шығындары мен дамуға арналған шығындарының болжамды көлемдері бойынша ұсыныстарын қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 20 наурызынан кешіктірмей тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті мемлекеттік органдарының қарауына енгізеді;

4) тиісті саланың (аяның) орталық мемлекеттік органдары облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан алынған жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер бойынша жергілікті бюджеттер шығындарының көлемінде күрделі шығындар және даму бюджетіне арналған шығындар бойынша ақпараттың және Бюджет кодексінің 80-бабы 4-тармағының 6-абзацының талаптарына сәйкес салалық саясаттың басымдықтарын ескере отырып, олардың қаржыландырылуы негізінде ұсыныстарын қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей бюджет саясаты және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға келісуге енгізеді;

5) тиісті саланың (аяның) орталық мемлекеттік органдары осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер көлемінде шығыстардың жекелеген бағыттары бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдерін белгілеу жөнінде ұсыныстарын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізеді.

12. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жалпы сипаттағы трансферттердің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көлемдері бойынша ұсыныстарын қалыптастырады және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 мамырынан кешіктірмей оларды республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау кезінде есепке алу үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға береді.

13. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның және орталық салалық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде жалпы сипаттағы трансферттер қалыптастырылған жылы жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 7 маусымынан кешіктірмей Республикалық бюджет комиссиясының қарауына мыналарды:

1) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстарының лимиттерін айқындау кезінде ескерілген, жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттердің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көлемін;

2) үш жылдық кезеңге арналған шығыстарының сомалары көрсетілген, олар бойынша жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер көлеміне енгізу үшін жергілікті бюджетке беру туралы шешім қабылданған, облыстар, республикалық маңызы бар

қалалар, астана бөлінісінде тиісті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін;

3) абсолютті сомалармен жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер көлеміне енгізу үшін тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдары оларды қаржыландырудың салалық әдістемелеріне сәйкес есептеген жергілікті бюджеттердің күрделі шығындары мен дамуға арналған шығындарының болжамды көлемін;

4) жеке кәсіпкерлік саласына жататын бағыттарды және республикалық меншік объектілерін қоспағанда, өңірлік стандарттар жүйесі шеңберінде елді мекендердің типіне (қаласына, ауылына) және мөлшеріне (халық санына) байланысты объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) ең төмен міндетті деңгейімен елді мекендерді қамтамасыз ету көрсеткіштерін қолдана отырып, өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган есептеген жергілікті бюджеттердің дамуға арналған шығындарының болжамды көлемін енгізеді.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының оң қорытындысын ескере отырып, оны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жалпы сипаттағы трансферттердің болжамды көлемі бойынша лимиттерді жібереді.

Жалпы сипаттағы трансферттердің болжамды көлемі бойынша лимиттер өзгерген жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органның қорытындысында бюджет қаражатын бөлу мүмкін болмайтын шығыстардың тізбесі айқындалады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетте органдары жалпы сипаттағы нысаналы емес және нысаналы трансферттердің жоспарлы үшжылдық кезеңге арналған болжамды көлеміне ұсыныстарын пысықтайды және оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органға тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті мемлекеттік органдарымен келісілген жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы Қазақстан Республикасы Заңы жобасының бөлімдеріне ұсыныстарын береді.

14. Екінші кезеңде жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихаттың және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихат шешімдері жобаларының көрсеткіштерінің болжамын нақтылау және бөлімдерін өзекті ету жүзеге асырылады:

1) жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың қыркүйегінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдарының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының қатысуымен Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы негізінде жалпы сипаттағы нысаналы емес және нысаналы трансферттер шығындарының болжамды көлемін нақтылауды жүргізеді және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қарауына шығарады;

2) облыстың тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдары және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдары аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының ұсыныстарын ескере отырып, жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 10 қыркүйегінен кешіктірмей облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына осы Қағидаларға 26 және 27-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасының бөлімдеріне жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер және дамуға арналған шығындар бойынша келісілген ұсыныстарын береді;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын пысықтайды;

4) облыстың жергілікті атқарушы органы облыстың бюджет комиссиясының оң қорытындысын ескере отырып, жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 қазанынан кешіктірмей оны облыс мәслихатының қарауына енгізеді;

5) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасы негізінде аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасын нақтылайды;

6) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының оң қорытындысын ескере отырып, оны жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей аудан мәслихатының қарауына енгізеді.

3-параграф. Жалпы сипаттағы трансферттер көлемін есептеу үшін шығыстарға шолу

15. Жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау кезінде шығыстарды шолу жалпы сипаттағы трансферттер көлеміне қосу туралы шешім қабылдау үшін жүргізіліп жатқан салалық саясатқа сәйкестігі тұрғысынан алдыңғы үш жылдық кезеңде және кезекті үш жылдық кезеңге жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау кезінде жергілікті бюджеттердің шығындарына енгізілген нысаналы трансферттер есебінен алдыңғы қаржы жылдарында қаржыландырылған шығыстарды талдауды білдіреді.

16. Шығыстарды шолуды мыналар:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдарымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жүзеге асыратын алдыңғы үш жылдық кезеңде жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау кезінде жергілікті бюджеттердің шығындарына енгізілген шығыстарды шолу нәтижелері осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 5 ақпанынан кешіктірілмей беріледі;

2) облыстардың тиісті саласының (аясының) жергілікті уәкілетті органдарымен келісу бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары жүзеге асырады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары жүзеге асыратын алдыңғы үш жылдық кезеңде жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау кезінде жергілікті бюджеттердің шығындарына енгізілген шығыстарды шолу нәтижелері осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 ақпанынан кешіктірілмей беріледі;

3) тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органымен келісу бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары жүзеге асырады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары жүзеге асыратын алдыңғы үш жылдық кезеңде жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау кезінде жергілікті бюджеттердің шығындарына енгізілген шығыстарды шолу нәтижелері осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 5 наурызынан кешіктірілмей беріледі.

17. Жалақыны, стипендияны, жәрдемақыны, тұрғын үй төлемдерін арттыруға бұрын берілген ағымдағы нысаналы трансферттер жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін есептеу үшін шығыстарды шолуға жатпайды.

Жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттер көлемінде жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін қалыптастыру кезінде 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39 және 40-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша шығыстар есепке алынбайды.

4-параграф. Бюджеттер деңгейлері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заң жобасының және тиісті мәслихаттардың шешімдерінің құрылымы

18. Республикалық бюджет пен облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы Қазақстан Республикасының Заңы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) нысаналы мақсаты көрсетіле отырып, нысаналы емес және нысаналы болып бөлінетін жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі;

2) дамуға арналған шығындар;

3) тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының ұсынысы бойынша шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемі.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы Қазақстан Республикасы Заңы бөлімдерінің құрылымы, республикалық бюджет пен облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін есептеу үшін қажетті көрсеткіштердің тізбесі, сондай-ақ жауапты орындаушылар осы Қағидаларға 41, 42, 43, 44, 45 және 46-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша айқындалады.

19. Облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихаттың шешімі мынадай бөлімдерден тұрады:

1) нысаналы мақсаты көрсетіле отырып, нысаналы емес және нысаналы болып бөлінетін жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі;

2) дамуға арналған шығындар;

3) тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдарының ұсынысы бойынша шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемі.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихат шешімінің бөлімдерінің құрылымы, облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін есептеу үшін қажетті көрсеткіштердің тізбесі, сондай-ақ жауапты орындаушылар осы Қағидаларға 47, 48, 49, 50, 51 және 52-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша айқындалады.

20. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасындағы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет туралы мәслихаттың шешімі мынадай бөлімдерден тұрады:

1) нысаналы мақсаты көрсетіле отырып, нысаналы емес және нысаналы болып бөлінетін жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі;

2) дамуға арналған шығындар;

3) тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдарының ұсынысы бойынша шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемі.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет туралы мәслихат шешімінің бөлімдерінің құрылымы, аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін есептеу үшін қажетті көрсеткіштердің тізбесі, сондай-ақ жауапты орындаушылар осы Қағидаларға 53, 54, 55, 56, 57 және 58-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша айқындалады.

3-тарау. Жалпы сипаттағы трансферттер көлемінің пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібі

21. Жалпы сипаттағы трансферттер көлемін мониторингтеу бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілігі және тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдары ұсынатын ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

22. Тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдары, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті салалық мемлекеттік органдары, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары Бюджет кодексінің 84-бабына сәйкес жалпы сипаттағы трансферттер саласында, оның ішінде:

1) мақсатына сай пайдаланылуы тұрғысынан, оның ішінде осы бағыттың мақсаттарына қол жеткізу шегінде қайта бөлу есебінен жалпы сипаттағы нысаналы трансферттерді;

2) дамуға арналған шығындарды мақсатына сай пайдаланылуы және нысаналы индикаторларға қол жеткізілуі тұрғысынан;

3) белгіленген көлемге сәйкес, оның ішінде орталық уәкілетті органмен және (немесе) жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемін айқындаған тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органымен келісу бойынша жергілікті бюджет шығыстарының басқа бағыттарына қайта бөлуді ескере отырып, қаржыландырылуы тұрғысынан шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең аз көлемдерін мониторингтеуді жүзеге асырады.

23. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органына жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған шығындардың және аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет туралы мәслихаттың шешімімен белгіленген қаржыландырудың ең аз көлемінің іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есепті:

1) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-нен кешіктірмей;

2) жыл қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 59, 64 және 69-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 18 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

24. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті салалық мемлекеттік органдары ауданның бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған шығындардың және аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы шешімінде белгіленген қаржыландырудың ең төмен көлемінің іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есепті:

1) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-нен кешіктірмей;

2) жыл қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 60, 65 және 70-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 18 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

25. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдарына жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған шығындардың және жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихаттың шешімімен белгіленген қаржыландырудың ең төмен көлемінің іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есепті:

1) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей;

2) жыл қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 61, 66 және 71-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

26. Тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдары жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған шығындардың және Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңда белгіленген қаржыландырудың ең төмен көлемдерінің іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есепті:

1) осы Қағидаларға 62, 67 және 72-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей тоқсан сайын орталық салалық мемлекеттік органдарға;

2) жыл қорытындысы бойынша есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей осы Қағидаларға 63, 68 және 73-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті дайындау шеңберінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына және нысаналы индикаторларына қол жеткізуді бағалау үшін, өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға, орталық салалық мемлекеттік органдарға есепті қаржы жылындағы республикалық

бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті дайындау шеңберінде тиісті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы жөнінде талдамалық ақпарат дайындау үшін ұсынады.

27. Тиісті саланың (аяның) жергілікті уәкілетті органдары мониторинг нәтижелері туралы есепті жасау кезінде деректердің анық және дұрыс көрсетілуін қамтамасыз етеді, жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер қаражатының игерілмеу себептерін, дамуға арналған шығындарды, тиісті кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңнамада белгіленген қаржыландырудың ең төмен көлемін талдауды жүзеге асырады.

28. Жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған шығындардың және жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңда белгіленген қаржыландырудың ең төмен көлемінің іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есептердегі құндық көрсеткіштер мың теңгемен толтырылады.

29. Жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған шығындардың және жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңда белгіленген қаржыландырудың ең аз көлемінің іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есептердің нысандарына бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың басшылары қол қояды, қолтаңбасы толық жазылады (тегі және аты-жөні).

30. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Орталық және жергілікті
атқарушы органдардың, басқа да
ұйымдардың өзара іс-қимыл
тәртібін, тиісті саланың (аяның)
орталық уәкілетті органдарының
және жергілікті атқарушы
органдардың жалпы
сипаттағы трансферттерді

есептеу үшін қажетті
нысандарды, көрсеткіштер
тізбелерін ұсыну және келісу
тәртібін және олардың
пайдаланылуына мониторинг
жүргізу тәртібін қамтитын
жалпы сипаттағы
трансферттерді жоспарлау
қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтің жергілікті бюджет кірістерінің болжамы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ЖСТЖҚ

Кезеңділігі: жалпы сипаттағы трансферттер көлемін қалыптастыру жылында

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараты

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жалпы сипаттағы трансферттерді қалыптастыру жылында, жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 наурызынан кешіктірілмейді.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі – электрондық түрде.

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтің жергілікті бюджет кірістерінің болжамы

Өлшем бірлігі: мың теңге

Атауы	Нақты	Бағалау	Болжам		

	Алдыңғы жыл	Ағымдағы жыл	1-жыл	2-жыл	3-жыл
1	2	2	4	5	6
Кірістер, барлығы					
1. Салықтық түсімдер, оның ішінде:					
Табыс салығы, барлығы					
Корпоративтік табыс салығы					
Жеке табыс салығы, барлығы					
Төлем көзінен с а л ы қ салынбайтын табыстардан алынатын жеке табыс салығы					
Әлеуметтік салық					
Меншік салығы, барлығы					
Мүлік салығы, барлығы					
Ж е к е тұлғалардың мүлкіне салынатын салық					
Жер салығы					
К ө л і к құралдарына салынатын салық, барлығы					
З а ң д ы тұлғалардан к ө л і к құралдарына салынатын салық					
Ж е к е тұлғалардан к ө л і к құралдарына салынатын салық					

Бірыңғай жер салығы					
Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салық					
Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер					
Кәсіпкерлік және кәсіптік қызметті жүргізгені үшін алымдар					
2. Салықтық емес түсімдер					
3. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер (азаматтарға пәтер сатудан түсетін түсімдерсіз)					

Телефондар _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

_____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөр орны (ол болған жағдайда) (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Аудандық маңызы бар
қаланың, ауылдардың,
кенттердің, ауылдық округтің
жергілікті бюджет кірістерінің
болжамы" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтің жергілікті бюджет кірістерінің болжамы"

нысанын толтыру бойынша түсіндірме (1-ЖСТЖҚ, жалпы сипаттағы трансферттер көлемін қалыптастыру жылында) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтің жергілікті бюджет кірістерінің болжамы" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып, ауылдық округтің мемлекеттік бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органының немесе аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының басшысы қол қояды.

3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджет кірістерінің атауы көрсетіледі.

5. 2-бағанда өткен жылғы нақты түсімдер көрсетіледі.

6. 3-бағанда ағымдағы жылғы түсімдердің бағалауы көрсетіледі.

7. 4, 5, 6-бағандарда 1-жылдағы, 2-жылдағы, 3-жылдағы түсімдердің болжамы көрсетіледі.

Орталық және жергілікті
атқарушы органдардың, басқа да
ұйымдардың өзара іс-қимыл
тәртібін, тиісті саланың (аяның)
орталық уәкілетті органдарының
және жергілікті атқарушы
органдардың жалпы сипаттағы
трансферттерді есептеу үшін
қажетті нысандарды,
көрсеткіштер тізбелерін
ұсыну және келісу тәртібін және
олардың пайдаланылуына
мониторинг жүргізу тәртібін
қамтитын жалпы сипаттағы
трансферттерді жоспарлау
қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 03.06.2026 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті бюджет кірістерінің болжамы.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2-ЖСТЖҚ

Кезеңділігі: жалпы сипаттағы трансферттер көлемін қалыптастыру жылында

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жалпы сипаттағы трансферттерді қалыптастыру жылында, жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірілмейді.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі – электрондық түрде.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті бюджет кірістерінің болжамы

Өлшем бірлігі: мың теңге

Атауы	Нақты	Бағалау	Болжам		
	Алдыңғы жыл	Ағымдағы жыл	1-жыл	2-жыл	3-жыл
1	2	3	4	5	6
Кірістер, барлығы					
1. Салықтық түсімдер, оның ішінде					
Табыс салығы, барлығы					
Корпоративтік табыс салығы					
Жеке табыс салығы, барлығы					
Төлем көзінен салық					

салынатын табыстардан алынатын жеке табыс салығы					
Төлем көзінен с а л ы қ салынбайтын табыстардан алынатын жеке табыс салығы					
Төлем көзінен с а л ы қ салынбайтын шетелдік азаматтардың табыстарынан алынатын жеке табыс салығы					
Өлеуметтік салық					
Меншік салығы, барлығы					
Мүлік салығы, барлығы					
Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық					
Ж е к е тұлғалардың мүлкіне салынатын салық					
Жер салығы					
К ө л і к құралдарына салынатын салық, барлығы					
З а ң д ы тұлғалардан алынатын көлік құралдарына салынатын салық					
Ж е к е тұлғалардан алынатын көлік					

құралдарына салынатын салық					
Бірыңғай жер салығы					
Тауарларға, жұмыстарға ж ә н е көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салық					
Акциздер					
Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер					
Кәсіпкерлік және кәсіптік қызметті жүргізгені үшін алымдар					
Заңды маңызы бар іс-әрекеттер жасағаны және (немесе) оған уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер					
2. Салықтық емес түсімдер					
3. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер (азаматтарға пәтер сатудан түсетін түсімдерсіз)					

Телефондар _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

_____ ҚОЛЫ _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөр орны (ол болған жағдайда) (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

